



МЕРЕЙ

## ШҰҒЫЛАЛЫҚТАР – ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Өңір баспасөзінің қарашаңырағы аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінің 60 жылдық мерейтойы М.Төлебаев атындағы өнер мектебінде өткен «Жаңалықтың жаршысы, жақсылықтың хабаршысы» атты салтанатты жиынмен қорытындыланды. Мерекеле зиялы қауым өкілдері, ардагер журналистер, қаламгерлер, басылымның бұрынғы және қазіргі қызметкерлері бас қосты.



сеніміне ие болды. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұов: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек», – деген. Демек, халық барда қай елдің болмасын баспасөз саласы уақыт көшінен қалмақ емес. Уақыт алға жылжиды, заман алмасады. Соған қарамастан баспасөз саласының бірзділігі мен жұмыс ырғағы ешқашан бұзылмайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары қоғам санасын жаңғыртып, ұлт тұтастығын нығайту жолында айрықша рөл атқарады. Баспасөз саласын дамыту, сондай-ақ журналистердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау – мемлекеттің маңызды міндетінің бірі», – деген тұжырымын оқырманның ой-өрісін кеңейтіп, рухани байлығын еселейтін газет өкілдеріне деген құрмет пен сенім деп қабылдаған абзал.

Газет әр кезеңде тұрғындардың қуанышы мен жетістігін, толғандырған мәселелері мен маңызды оқиғаларын оқырманға жеткізіп, қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал етіп келеді.

→ 2

Шұғыла АҚШАБАЙ

Әуелі жиналған қауым газет тарихынан сыр шертетін көрмені тамашалады. Көрмеде газет жарық көрген алғашқы нөмірлер, әр жылдардағы тарихи басылымдар, редакция жұмысының жетістіктері мен естелік суреттері қойылып, қонақтар өткен мен бүгінді



сабақтатырған рухани мұрамен етене танысты.

Салтанатты жиында алғашқы болып сөз сөйлеген

аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы алпыс жылдық тарихы бар басылымды оң бағалап, ізгі тілегін айтты.

– Алпыс жылдық тарихы бар басылым – бірнеше буынның тағдырын, ауданның өсіп-

өркендеу жолын, ел өміріндегі маңызды оқиғаларды тасқа басып, ұрпаққа аманат етіп келе жатқан рухани қазына. Осы жылдар ішінде газет халық пен биліктің арасындағы алтын көпірге айналып, жұртшылықтың

Аудандық орталық кітапхана өңір баспасөзінің қарашаңырағы «Шұғыла-Радуга» газетінің 60 жылдығына арналған «Газет – аудан айнасы» атты әдеби қонақжай кеш ұйымдастырды. Шежірелі басылымның 60 жылдық мерейтойын атап өту, аудан өміріндегі тарихи рөлі мен рухани маңызын насихаттау, журналистика саласының ардагерлеріне құрмет көрсету, жаңа ұрпаққа сөз құдіретін дәріптеу мақсатында өткізілген шараға зиялы қауым өкілдері, жергілікті ақын-жазушылар, ардагерлер қатысты.

### «Шұғыла» – аудан айнасы



→ 4

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР

## МАҚСАТ – ҚОЛАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында халықтың тұрмыс сапасын жақсартудың басты тетіктерінің бірі – сапалы инфрақұрылым қалыптастыру, ауылдық елді мекендерді дамыту және әлеуметтік нысандар құрылысын уақтылы әрі сапалы аяқтау екенін ерекше атап өткен болатын. Бұл бағыттағы жұмыстар Жамбыл ауданында да жүйелі түрде жалғасып келеді.



→ 3

Соңы. Басы 1-бетте

# ШҰҒЫЛАЛЫҚТАР – ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ



Сондықтан газет – әр отбасының, әр азаматтың өмірімен біте қайнасып жатқан рухани қазына, елді бірлікке, ізгілікке үндейтін маңызды мінбер, – деді өңір басшысы. Келесі кезекте сөз алған

облыс әкімдігі ақпарат және қоғамдық даму басқармасының басшысы Жанболат Нұрмолдаұлы облыс әкімінің құттықтау хатын оқып, арнайы тарту еткен сыйлығын табыстады.

Айтулы жиында басылымның дамуына үлес қосқан бірқатар азаматқа ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, облыстық мәслихаттың, аудан әкімінің Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталары табыс етілді.

Сондай-ақ шарада танымал жергілікті жазушылар – Маханбетәлі Дүйсебаев, Жаңабай Миллионов, Көсемәлі Сәттібайұлы «Шұғыла» шуағы» атты кітаптың тұсауын кесті. Жинақта аудандық басылымның қалыптасу тарихы, әр кезеңдегі редакция жұмысы, газетпен тағдырлас болған азаматтардың естеліктері, жүрекжарды лебіздері мен мақалалары топтастырылған.

Мерекелік жиын аясында Қазақстан Журналистер одағы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Жаңабай Миллионов басылым жайлы естеліктерімен бөлісіп, бірқатар әріптеске аталмыш одақтың марапаттарын тапсырды.

Салтанатты жиыннан соң құрметті қонақтар күрделі жөндеуден өткен редакция ғимаратына бас сұғып, ішін аралап көрді. Заманауи талаптарға сай жаңартылған жұмыс кабинеттері мен материалдық-техникалық базамен танысып, ұжымның

алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Мерейтой мерекелік дастархан басында жалғасып, ардагерлер мен әріптестер өткен күндерді еске алды. Аудан айнасының ғұмыры ұзақ, бағындырар белесі биік болсын деп тілек білдірді.



## ӘКІМДІК МӘЖІЛІСІ

# ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ДАМУ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Қазіргі таңда еңбек нарығын тұрақты дамыту, халықты нәтижелі жұмыспен қамту және жұмыссыздық деңгейін төмендету – аудандағы өзекті мәселелердің бірі. Осы бағыттағы мемлекеттік бағдарламалардың тиімді орындалуы тұрғындардың әлауқатын арттырумен қатар, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына да оң ықпал етеді. Осыған байланысты аудан көлемінде «Еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» іске асыруға ерекше көңіл бөлінуде.

### Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Бұған сейсенбі күні аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының төрағалығымен өткен әкімдіктің кезекті мәжілісінде көз жеткізді.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша «Еңбек мобильдігі орталығы» КММ аудандық Мансап орталығының директоры Алтай Стамқұлов баяндама жасады.

Баяндамашының айтуынша, 2026 жылғы 24 маусымдағы



жағдай бойынша аудандық Мансап орталығына жұмыспен қамту мәселесімен 1938 азамат жүгінген. Оның ішінде 1672 адам мемлекеттік қолдау шараларымен және тұрақты жұмыспен қамтылып, жоспардың 58,4 пайызы орындалған. Бүгінде ресми жұмыссыз ретінде 916 адам тіркелген. Оның 497-сі белсенді жұмыспен қамту шараларына тартылса, қалған азаматтарға күнделікті бос жұмыс орындары ұсынылуда.

Есепті кезеңде 864 азамат тұрақты жұмысқа орналасқан. Сонымен қатар жастар практикасына – 23, әлеуметтік жұмыс орындарына – 25, ақылы қоғамдық жұмыстарға – 383, «Күміс жас» жобасына 49 адам жолданған. Enbek.skills платформасы арқылы онлайн



оқыту жоспарынан асыра орындалып, 243 азамат түрлі мамандықтар бойынша білім алған.

Биыл жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін 70 азаматқа мемлекеттік грант беру жоспарланған. Өтінімдер 24 маусым мен 8 шілде аралығында қабылдануда. Ал «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жұмыстары жалғасып жатыр.

Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бағыты бойынша білім беру ұйымдарында 45, жұмыс берушілер базасында 20 азаматты оқыту жоспарланған. Бұл бағытта жұмыс берушілермен түсіндіру кездесулері ұйымдастырылып, қажетті мамандықтар бойынша оқытуға жолдамалар берілуде.

Жыл басынан бері аудандық

Мансап орталығының ұйымдастыруымен бес бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіліп, оған 56 жұмыс беруші қатысқан. Нәтижесінде 132 азамат тұрақты жұмысқа, 30 азамат белсенді жұмыспен қамту шараларына жолданды.

Аудан тұрғындарын мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттандыру мақсатында барлық ауылдық округте көшпелі мобильді орталықтардың жұмысы ұйымдастырылып, кең көлемде түсіндіру шаралары жүргізілуде.

Сонымен қатар пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтар, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және мүгедектері бар азаматтарды жұмыспен қамту бағытындағы жұмыстар

да кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Жұмыс күші тапшы өңірлерге ерікті түрде қоныс аудару бағдарламасы аясында биыл ауданнан 5 отбасы, яғни 22 адам Павлодар, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарына көшіп, мемлекет тарапынан қарастырылған барлық қолдау шараларына ие болған.

Баяндама барысында атаулы әлеуметтік көмек көрсету мәселесі де сөз болды. 2026 жылғы 23 маусымдағы жағдай бойынша ауданда 123 отбасыдағы 802 адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған. Былтырғы жылмен салыстырғанда көмек алушы отбасылар саны азайған. Бұл халықты жұмыспен қамту бағытындағы жұмыстардың нәтижесін көрсетеді.

Алтай Әбдіжапарұлы жыл соңына дейін еңбек нарығын дамытуға қатысты барлық жоспарлы көрсеткіштерді толық орындауға мүмкіндік бар екенін атап өтті.

Мәжіліс соңында аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы еңбек нарығын дамыту, тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамту және мемлекеттік бағдарламалардың тиімді орындалуы бағытындағы жұмыстарды күшейтуді тапсырды. Сондай-ақ сала басшыларына жоспарланған іс-шараларды уақтылы әрі сапалы орындау жөнінде нақты міндеттер жүктелді.

Соңы. Басы 1-бетте

# МАҚСАТ – ҚОЛАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Осыған орай аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Ш.Ниязбеков ауылындағы әлеуметтік және инфрақұрылымдық маңызы бар құрылыс нысандарын аралап, ондағы жұмыс барысымен танысты.

Әуелі өңір басшысы Б.Досымбекұлы көшесінде жүргізіліп жатқан орташа жол жөндеу жұмыстарын көрді. Жол сапасының тұрғындар үшін маңызын атап өткен Ерлан Қыдыралыұлы мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс сапасын тұрақты бақылауда ұстап, жұмысты белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Сонымен қатар аудан әкімі ауылда салынып жатқан жаңа мәдениет үйінің құрылысын көрді. Жалпы сметалық құны 549 млн 782 мың теңгені құрайтын нысанның жобалаушысы – «ЮЖКАЗ-



ПРОЕКТ» жобалау институты» ЖШС, ал мердігер ұйым – «АКМ Group» ЖШС. Құрылыс жұмыстары 2025 жылдың 13 мамырында басталған. Бүгінде құрылыс-монтаж

жұмыстарының 60 пайызы аяқталған. Нысан пайдалануға берілгеннен кейін ауыл тұрғындарының

мәдени өмірін жандандырып, түрлі іс-шараларды өткізуге қолайлы жағдай жасалмақ.

Өңір басшысы жаңадан салынған типтік үлгідегі ветеринариялық пункттің жұмысымен де танысты. Заманауи талаптарға сай бой көтерген ғимарат мал шомылдыру, мал ұстау және емдеу орындарымен толық жабдықталған. Бұған дейін

осындай типтік үлгідегі ветеринариялық пункттер Ернар жәнә Ақбастау ауылдық округтерінде де салынып, ел игілігіне берілген. Нысандарды

аралау барысында Ерлан Қыдыралыұлы қолға алынған әрбір жобаның негізгі мақсаты ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру, қолайлы орта қалыптастыру және ауылдың тұрақты дамуына серпін беру екенін атап өтті. Сонымен қатар жауапты тұлғаларға құрылыс жұмыстарын сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтау жөнінде нақты тапсырмалар жүктелді.

Ауылдардың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған мұндай жобалар Мемлекет басшысы жүктеген міндеттердің өңірлерде кезең-кезеңімен жүзеге асып жатқанын көрсетеді. Бұл жұмыстар тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға және елді мекендердің әлеуетін нығайтуға өз үлесін қоса береді деген сенімдеміз.

## САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

### «Жамбыл ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы» Жамбыл ауданы әкімінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі №01 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімінің 2026 жылғы 5 маусымдағы №2 шешімімен Аса ауылдық округі Аса ауылында №531 сайлау учаскесі құрылып, №166, №167, №168, №169, №171, №172, 176 сайлау учаскелерінің шекараларына өзгерістер енгізілген.

#### №531 сайлау учаскесі

**Орналасқан жері:** Аса ауылдық округі, Аса ауылы, 025 есептік квартал, 625 ғимарат, Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ ғимараты.

**Шекарасы:** Бәйтерек, Мұқағали Мақатаев, Төрткүл, Ақсай, Қараөзек, Ғани Мұратбаев, Желтоқсан, Тәуелсіздік, Көкой, Қайнар, Темір жол, Пионер лагерь көшелері.

#### №166 сайлау учаскесі

**Орналасқан жері:** Аса ауылдық округі, Аса ауылы Абай көшесі №22, Жамбыл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ ғимараты.

**Шекарасы:** Аса ауылының Абай 1-125/2 үйлері, Төле би 1-101 үйлері, Әбілек Бегманов, Жамбыл, Үшкемпір Мырхалықов, Сейдахмет Махашев, Гагарин, Гагарин бұрылысы, Базар Қылыбаев, Каратау, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Ақсу, Көктерек көшелері.

#### №167 сайлау учаскесі

**Орналасқан жері:** Аса ауылдық округі, Аса ауылы, Абай көшесі №102Н, Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық Мәдениет үйі» КМҚК ғимараты.

**Шекарасы:** Аса ауылының Абай 86-209 үйлері, Абай 6-бұрылыс, Төле би 114-220 үйлері, Бауыржан Момышұлы 40-140 үйлері, Жетітөбе 42-171А үйлері, Жетітөбе бұрылысы, Тұрар Рысқұлов, Керімбек Шманов, Бірлік, Амангелді Иманов, Лашын, Достық, Жібек жолы көшелері.

#### №168 сайлау учаскесі

**Орналасқан жері:** Аса ауылдық округі, Аса ауылы, Төле би №106, «Жамбыл

ауданының білім бөлімінің №1 орта мектеп» КММ ғимараты.

**Шекарасы:** Аса ауылының Төле би 80-139А үйлері, Бауыржан Момышұлы 1-39 үйлері, Жетітөбе 1-45 үйлері, Түгелбай, Кемелбек Жүнісов, Сәкен Сейфуллин, Алаш, Шоқан Уәлиханов, Дінмұхамед Қонаев, Мұхтар Әуезов, Қойгелді, Қойгелді бұрылысы, Ыбырай Алтынсарин, Ыбырай Алтынсарин 1-бұрылысы, Шәмші Қалдаяқов, Ақжар, Самал, Көктем, Айдарлы көшелері.

#### №169 сайлау учаскесі

**Орналасқан жері:** Ақбастау ауылдық округі, Бірлесу-Еңбек ауылы Абай көшесі №61, Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ Бірлесу-Еңбек ауылдық кітапхана ғимараты.

**Шекарасы:** Бірлесу-Еңбек ауылының аумағы, Қыршынды учаскесі.

#### №171 сайлау учаскесі

**Орналасқан жері:** Аса ауылдық округі, Құмтиын ауылы, Сәлем Смайылұлы көшесі №1Г, «Жамбыл ауданының білім бөлімінің №2 орта мектеп» КММ ғимараты.

**Шекарасы:** Құмтиын ауылының аумағы.

#### №172 сайлау учаскесі

**Орналасқан жері:** Қаракемер ауылдық округі, Қаракемер ауылы, Көшербай Асанұлы көшесі №23, Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» КМҚК Қаракемер ауылдық клубының ғимараты.

**Шекарасы:** Қаракемер ауылының аумағы.

#### №176 сайлау учаскесі

**Орналасқан жері:** Қарасу ауылдық округі, Ащыбулак ауылы, Ислам Елубаев көшесі №36, Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» КМҚК Ащыбулак ауылдық клубының ғимараты.

**Шекарасы:** Ащыбулак ауылы, Шайдана, Сенгірбай ауылдарының аумағы, Көделі және Мойынқұм мал жайылымдары.

#### Жамбыл ауданының әкімдігі

## К СВЕДЕНИЮ ИЗБИРАТЕЛЕЙ!

### О внесении изменений и дополнений в решение акима Жамбылского района от 22 апреля 2025 года №01 «Об образовании избирательных участков на территории Жамбылского района»

Решением акима Жамбылского района Жамбылской области от 5 июня 2026 года №2 образован избирательный участок №531 в селе Аса, Асинского сельского округа, а также внесены изменения в границы избирательных участков №166, №167, №168, №169, №171, №172 и №176.

#### Избирательный участок №531

**Местонахождение:** Асинский сельский округ, село Аса, учетный квартал 025, здание 625 здание КГУ «Централизованная библиотечная система» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района.

**Границы:** улицы Байтерек, Мукағали Мақатаева, Торткүл, Ақсай, Қараөзек, Ғани Мұратбаева, Желтоқсан, Тауелсіздік, Көкой, Қайнар, Темір жол, Пионер лагерь.

#### Избирательный участок №166

**Местонахождение:** Асинский сельский округ, село Аса, улица Абая №22, здание КГУ «Молодежный ресурсный центр» отдела внутренней политики акимата Жамбылского района.

**Границы:** дома с номерами №1-125/2 по улице Абая, дома с номерами №1-101 по улице Төле би, улицы Әбілек Бегманов, Жамбыл, Үшкемпір Мырхалықов, Сейдахмет Махашев, Гагарин, переулок Гагарина, Базар Килыбаев, Каратау, Әлия Молдағұлова, Маншук Маметова, Ақсу, Көктерек.

#### Избирательный участок №167

**Местонахождение:** Асинский сельский округ, село Аса, улица Абая №102Н, здание КГКП «Районный Дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района.

**Границы:** дома с номерами №86-209 по улице Абая, 6-й переулок Абая, дома с номерами №114-220 по улице Төле би, дома с номерами №40-140 по улице Бауыржана Момышұлы, дома с номерами №42-171А по улице Жетитөбе, переулок Жетитөбе, улицы Турара Рыскулова, Керімбека Шманова, Бірлік, Амангелді Иманова, Лашын, Достық, Жібек жолы.

#### Избирательный участок №168

**Местонахождение:** Асинский сельский округ, село Аса, улица Төле би №106,

здание КГУ «Средняя школа №1 отдела образования Жамбылского района».

**Границы:** дома с номерами №80-139А по улице Төле би, дома с номерами №1-39 по улице Бауыржана Момышұлы, дома с номерами №1-45 по улице Жетитөбе, улицы Түгелбай, Кемелбека Жунисова, Сакена Сейфуллина, Алаш, Шокана Уалиханова, Динмұхамеда Қунаева, Мухтара Ауэзова, Қойгельды, переулок Қойгельды, Ыбырай Алтынсарина, 1-й переулок Ыбырай Алтынсарина, Шамши Калдаякова, Ақжар, Самал, Көктем, Айдарлы.

#### Избирательный участок №169

**Местонахождение:** Ақбастауский сельский округ, село Бірлесу-Еңбек, улица Абая №61, здание сельской библиотеки села Бірлесу-Еңбек КГУ «Централизованная библиотечная система» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района.

**Границы:** территория села Бірлесу-Еңбек, участок Қыршынды.

#### Избирательный участок №171

**Местонахождение:** Асинский сельский округ, село Құмтиын, улица Сәлем Смайылұлы №1Г, здание КГУ «Средняя школа №2 отдела образования Жамбылского района».

**Границы:** территория села Құмтиын.

#### Избирательный участок №172

**Местонахождение:** Қаракемерский сельский округ, село Қаракемер, улица Кошербай Асанұлы №23, здание сельского клуба села Қаракемер КГКП «Районный Дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района.

**Границы:** территория села Қаракемер.

#### Избирательный участок №176

**Местонахождение:** Қарасуский сельский округ, село Ащыбулак, улица Ислам Елубаев №36, здание сельского клуба села Ащыбулак КГКП «Районный Дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района.

**Границы:** территории сел Ащыбулак, Шайдана и Сенгірбай, пастбища Коделі и Мойынқұм.

Акима Жамбылского района

Соңы. Басы 1-бетте

## «Шұғыла» – аудан айнасы



Әуелі қатысушылар лэд экраннан ауданмен бірге тыныстап, өңір халқының мұңын мұндап, қуанышын жырлаған, рухани өмірімен біте қайнасып, ел мен жер тағдырын, уақыт бедерін парактарына қаттаған газеттің тарихы туралы бейнебаянды тамашалады. Газеттің әр жылдардағы тігінділері, тарихи мақалалар мен естеліктер, қаламы қарымды журналистердің шығармалары топтастырылған «Уақыт үні – аудан тынысы» атты көрмемен танысты.

Әдеби кеште кітапхана қызметкерлері Ғалия Отарбаева, Гүлай Дюсупова, Ақерке Мамашариева арнау өлеңдерін айтса, Шайдана ауылдық кітапханасының кітапханашысы Гүлмира Байболова басылымда көп жыл бойы қызмет еткен ақын Совет Әлімқұловтың өлеңіне жазылған «Ұмытып кетпе

мені» әнін, Жұма бастауыш мектебінің меңгерушісі Жанар Сәтімбай ақын Оңғарбай Шайымқұловтың өлеңіне жазылған «Өлеңге сені қосамын» әнін орындады. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, композитор, әнші Әбдібек Тінәлі мен әртіс, әнші Жүніс Әлімбек патриоттық сарындағы әндерін жанды дауыспен әуелетті.

Келесі кезекте аудандық ардагерлер кеңесінің төралқа мүшесі, мәдениет майталманы Сәрсенбай Күзержаев, ардагер журналист Сансызбай Махамбетқұлов, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қуаныш Ауғанбаев және өзге де зиялы қауым өкілдері мен жергілікті қаламгерлер аудан айнасы «Шұғыла-Радуга» газеті турасында салмақты сөз сабақтап, басылымның тарихынан сыр шертті. Газеттің құмыры ұзақ, оқырманы көп

болып, өңір руханиятының шамшырағы сөнбесін деген тілек білдірді.

Тағылымды шарада газетте қызмет еткен республикаға белгілі ақын Тұрсынқұл Ентайдың «Жапырақтар оқитындай бізге өлең», «Іңкәр сезім» атты кітаптарының тұсаукесері өтті. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Ғайни Әлімбекқызы, ардагер ұстаз Райқұл Омарова, жергілікті ақын Байтанағали Төлентаев жаңадан жарық көрген кітаптардың кермесін киіп, ізгі тілектерін арнады.

Қ о н а қ ж а й к е ш аудандық Мәдениет үйі өнерпаздарының арнайы дайындаған концерттік бағдарламасымен түйінделді. Соңынан әдеби кешке қатысушылар естелік суретке түсіп, көтеріңкі көңіл күйде тарқасты.

Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ

## БІЛІМДІНІҢ ҚОЛЫНДА АЛТЫН ШЫРАҚ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті – 80 жылдан астам тарихы бар, әйелдер білімін дамыту мен ұлттық педагогикалық кадрлар даярлауда маңызды рөл атқаратын іргелі білім ордасы. Бүгінгі ол білім, ғылым және руханиятты ұстастыра отырып, қоғамның интеллектуалдық дамуына ықпал ететін ұлттық деңгейдегі жетекші университет ретінде қалыптасқан. Оның басты миссиясы – бәсекеге қабілетті, кәсіби және әлеуметтік жауапты жаңа буын мамандарды даярлау.

## КӨШБАСШЫ БОЛҒЫҢ КЕЛСЕ...

Университеттің негізі 1944 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының құрылуымен қаланды. Бұл қазақ қыздарының жоғары білім алуына кең жол ашқан тарихи кезең болды. Оқу орнының қалыптасуы мен дамуына Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов сияқты ұлт зиялылары қолдау көрсетіп, оның ғылыми-білім беру бағытын айқындады. Қазіргі таңда университет құрамында бес институт, жиырма төрт кафедра және Кәсіби білім беру колледжі жұмыс істейді. Мұнда педагогикалық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар бағыттары бойынша халықаралық стандарттарға сай білім беріледі.

Университет ғылыми-зерттеу орталығына айналып, Әлеуметтік және гендерлік зерттеулер институты мен түрлі ғылыми орталықтар мен зертханалар арқылы білім беру, психология және қоғам дамуының өзекті мәселелерін зерттеуде. Сонымен қатар халықаралық әріптестік пен академиялық ұтқырлық бағдарламалары студенттерге шетелдік тәжірибе алуға мүмкіндік береді.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіндегі координаторлық білім беру бағдарламасы – студенттердің екі серіктес жоғары оқу орнында бірлескен оқу жоспары бойынша білім алып, оқуын аяқтағаннан кейін ҚазҰҚПУ дипломымен қатар шетелдік серіктес университеттің дипломын иеленуіне мүмкіндік беретін халықаралық академиялық жоба. Бағдарлама АҚШ-тағы Миссисипи алқабы мемлекеттік университеті, Польшадағы Катовицедегі Силезия университеті, Ресейдегі Томск политехникалық ұлттық зерттеу университеті және Латвиядағы Қолданбалы ғылымдар институтымен ынтымақтастық негізінде жүзеге асырылуда.

Студенттік клубтар мен ұйымдар

жастардың көшбасшылық және шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасайды. Инклюзивті және арнайы білім беру орталығы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдап, педагогтарға әдістемелік көмек көрсетеді. Сонымен қатар университеттің 7 Студенттер үйі білім алушыларға қолайлы әлеуметтік-тұрмыстық жағдай ұсынады. Барлық жатақханалар оқу ғимараттарынан 5–10 минуттық жерде орналасқан, бұл студенттердің уақытын тиімді пайдаланып, оқу үдерісіне толыққанды қатысуына мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибеде әйелдерге арналған жоғары оқу орындары ерекше академиялық миссиясымен дараланады. АҚШ-тағы Wellesley College, Barnard College және Smith College сияқты «Seven Sisters» жүйесіне кіретін беделді әйелдер колледждері гуманитарлық білім мен көшбасшылықты дамытуға басымдық берсе, Оңтүстік Кореядағы Ewha Womans University әйелдерге арналған ірі зерттеу университеті ретінде инновациялық бағытты қалыптастырған, ал Princess Nourah bint Abdulrahman University мемлекеттік қолдау негізінде әйелдердің білім алу мүмкіндігін кең ауқымда қамтамасыз етіп отыр. Осы жаһандық әйелдер білім беру кеңістігі аясында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Оңтүстік Кореяның Донгук қыздар университетімен (Dongduk Women's University) ынтымақтастық орнатып, әйелдерге бағытталған білім беру, ғылыми тәжірибе алмасу және академиялық ұтқырлық салаларында әріптестікті нығайтып келеді.

Күннұр АЙТБАЕВА,  
Айгерім НУРТАЗА,  
практикалық шетел тілі  
кафедрасының магистр, оқытушылары.

## ТУРНИР

# Ерекше жандар дойбы ойнап жарысты

Халықаралық шахмат күніне орай Жамбыл аудандық зағип және көзі әлсіз көретін азаматтар кітапханасы мен аудандық «Бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығы» бірлесіп ерекше күтімді қажет ететін жандардың қатысуымен «Шахмат – ақыл-ой спорты» атты танымдық іс-шара ұйымдастырды.

## Шұғыла АҚШАБАЙ

Ерекше жандардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, зияткерлік ойындарға қызығушылығын арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсат етілген іс-шараны аудандық орталық кітапхананың әдіскері Гүлбағира Сүлейменова алғысөзімен ашып, қатысушыларды Халықаралық шахмат күнімен құттықтады. Зияткерлік ойынның маңыздылығына тоқталып, шахмат ой ұшқырлығын дамытып қана қоймай, адамды сабырлыққа, төзімділікке



және терең ойлауға тәрбиелейтін интеллектуалдық ойын екенін атап өтті. Ал кітапханашы Әйгерім Үркімбаева шахматтың шығу тарихы мен оның адам ой-өрісін дамытудағы ролі туралы мағлұмат беріп, қызықты деректермен бөлісті.

Сонымен қатар шара барысында ерекше жандар арасында дойбыдан турнир өткізілді. Турнирдің бас төрешісі Мәмбет Сүгірбеков қатысушыларды жарыстың өту тәртібімен және ойын ережелерімен таныстырып, барлығына сәттілік тіледі.

Өз кезегінде қатысушылар барынша белсенділік танытып, өздерінің шеберлігін паш етті. Жеңіске деген құштарлығы, логикалық ойлау қабілеттері жоғары деңгейде екенін көрсетті. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге кітапхана тарапынан бағалы сыйлықтар табысталды. Бір сөзбен айтқанда, жарыс қатысушыларға көтеріңкі көңіл күйі, ерекше әсер сыйлады.

Айтулы шара зияткерлік ойындарды насихаттап қана қоймай, ерекше жандардың қоғам өміріне белсенді араласуына, олардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға сеп болды.

Директор:  
Айман ТЛЕУКЕЕВА

Меншік несі:  
«Шұғыла-Радуга» газеті  
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:  
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей  
байланыс: 87765549701

Бас редактордың

орынбасары: Мақсат ЖҰМАБАЕВ 87059774177

Жауапты хатшы: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ 87474240395

Тілшілер: Шұғыла АҚШАБАЙ 877770284244

Дизайнер-теруші: Ғалия АЛИЕВА 8705853423

Бас редактордың

орынбасары: 2-20-24

Тілшілер: 2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде  
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.  
Тіркеу куәлігі №КЗ87ҰҰ00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,  
жарнама мазмұны үшін жауап  
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап  
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті  
редакциясында компьютерде теріліп,  
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам  
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.  
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 1871 Тапсырыс №374

Нөмірдің кезекшісі: Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Газет аптасына 2 рет,  
сәрсенбі, жұма күндері  
шығады.

Газета выходит 2 раза в  
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:  
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:  
Индексі 080200, Аса ауылы,  
Абай көшесі 78-үйі.